



Әділов Жексенбек Мәкейұлы

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ ректоры (2008–2015 жж.)

Оқу жылдары:
1967-1972 жж.

Мамандығы:
"Инженер-құрылысшы"

Мен Алматы қаласында дүниеге келдім. №75 орта мектепті бітіргеннен кейін, 1967 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына, инженерлік құрылысшы факультетіне оқуға түстім.

Менің таңдауым немен байланысты болды? Мектеп кезінде мен техникалық жоғары оқу орнында оқытынымды білдім. Себебі математика және физика пәндеріне өте зор қызығушылығым болды, сол пәндерден бірталай жетістіктерге де жеткенмін. Оқушы болып жүргенде Түркістан, Самарқанд, Мәскеу және Ленинград секілді әртүрлі өзіндік ерекшелігі бар архитектуралық құрылыстарды көрдім. Сол көргенім маған қатты әсер етті. Сол жылдары Алматыда қазір бізге таныс ғимараттар қарқынды түрде салына бастаған. Бұл жағдайлар маған өз мамандығымды таңдауға үлкен әсер етті.

1972 жылы институтты үздік бітіргеннен кейін, мені мұғалім ретінде жұмысқа өз институтым қабылдады, себебі мұғалім мамандар тапшы болатын. Осы жерде екі жыл жұмыс істегеннен кейін, басқарушылар ұйымы мен институттың профессорлар ұйымының ұсынысы бойынша В.Куйбышев атындағы Мәскеу инженерлік-құрылысшы институтының күндізгі бөлімінің аспирантурасына түстім (қазіргі Мәскеу мемлекеттік құрылыс институты). Аспирантурадан кейін ғылыми дәреже алу үшін диссертация қорғадым.

“

*Оқушы болып жүргенде Түркістан,
Самарқанд, Мәскеу және Ленинград
секілді әртүрлі өзіндік ерекшелігі бар
архитеуралық құрылыстарды
көрдім.*

”

Кейінгі жылдары бөлім орынбасары, декан, Қазақстан Дүниежүзілік банк жобасының кеңесшісі, лектор және де Ұлттық басқарма академиясында курс басшысы болдым. Мемлекеттік қызметтегі ұйымдастырушылық жұмыста мол тәжірибе жинақтадым. Мониторинг және бақылау департаменті, кейіннен ҚР Білім және ғылым министрлігі, білім

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(c) НАО «КазНІТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(c) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(c) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.

беруді мемлекеттік инспекциялау және ақпараттандыру департаменті мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жетекші департамент директоры қызметтерін атқардым.

2004 жылы жарыстың қорытындысы бойынша Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, ал 2008 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бұйрығы бойынша Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры болып тағайындалдым. Сол кезеңде Қазақстанның тарихында бірінші рет жетекші ұлттық университеттердің ректорын ҚР Президенті өзі тағайындады. Бұл деген мемлекет басшысының мемлекеттің жоғары білім және ғылым жүйесіне ерекше назар салып қарайтындығын көрсетеді. Сол себепті бізге үлкен жауапкершілік артылды және жоғары оқу орнының көшбасшысы ретінде жұмысымның нәтижесін көрсетуім керек болды.

2008–2015 жылдар аралығында ҚазҰТУ-да ректор болып жұмыс істеген кезде мен келесі қағидаларды реті бойынша іске асырдым:

- озық білім;
- ғылым және жаңашылдық арқылы білім алу;
- әлемдік жетекші компаниялармен стратегиялық серіктес болу;
- студенттер элитасы;
- қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілік.

Өз жұмысымда оқу бағдарламасына, жаңа мамандықтың ашылуына, материалды-техникалық базаның нығаюына ерекше мән берген болатынмын.

Атап айтқанда, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да мынадай ғылыми жаңалықтар іске қосылды:

1. Ақпараттық және ғарыштық технологияларды ұжымдық пайдалану барысында Ұлттық ғылыми зертханада өте қуатты суперкомпьютер (оның өнімділігі 80Tfops) орнатылды;
2. Озық аналитикалық құрал-жабдықтармен жабдықталған инженерлік профиль зертханасы ашылды;
3. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар жөніндегі Қазақстан – Корея оқу-білім орталығы құрылып, эксплуатацияға берілді;
4. Энергетика және автоматтандыру мамандарын даярлайтын Қазақ-француз оқу орталығы ашылды;
5. Ғарыш аппараттарының ұшуын басқару орталық құрылды;

Печатная версия интервью, размещенного на сайте Satbayev University.

(с) НАО «КазНІТУ им. К.И. Сатпаева». Использование данных материалов разрешено только со ссылкой на источник.

Сәтбаевтың университет сайтында жарияланған сұхбаттың басылған нұсқасы.

(с) «Қ.И. Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ. Бұл материалдарды пайдалану көзге сілтеме жасағанда ғана рұқсат етіледі.

Printed version of the interview posted on Satbayev University website.

(c) NAO KazNITU named after K.I. Satbayev Use of these materials is permitted only with reference to the source.

6. Apple, Siemens, Leica, Honeywell және т.б. әлемдік жетекші компаниялармен бірлескен ғылыми-білім беру орталықтары ашылды.

Бұл шаралардың барлығы ҚР Президентінің тапсырмасын орындау аясында менің тікелей басшылығыммен жүзеге асырылды. ҚазҰТЗУ мен «Парасат» ғылыми холдингі базасында техника және технологиялар саласы бойынша Қазақстандағы ең ірі ғылыми-білім беру және инновациялық-өндірістік кешен – Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті құрылды.

Педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметіммен қатар үлкен ғылыми жұмыс жүргіздім. Үш мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі болдым, халықаралық конференциялар мен семинарларда баяндамалар жасадым. Жер туралы ғылымдар бөлімінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ғылыми-техникалық комитеттің мүшесі, 6 академияның шетелдік мүшесі болып сайландым. Қазақстан Республикасының, Ресей мен Францияның көптеген мемлекеттік марапаттарын алдым.



*ҚазҰТЗУ мен «Парасат» ғылыми
холдингі базасында техника және
технологиялар саласы бойынша
Қазақстандағы ең ірі ғылыми-білім
беру және инновациялық-өндірістік
кешен.*



Институтта алған іргелі білімнің арқасында, сонымен қатар «өмір бойы білім алу» қағидасын ұстана отырып, ғылыми, педагогикалық және басқарушылық қызметте үлкен жетістіктерге жеттім деп ойлаймын.

Сәтбаев университетінің түлектері өздерінің alma mater-ге деген мақтанышын және құрмет-ризашылығын білдіріп, тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қосатынына сенімдімін. Елдің болашағы сіздердің қолдарыңызда!